



ТҮЙТКІЛ



Көптен бері Атырау тұрғындары тарапынан шағым арылмай келе жатқан қала автобустары тағы да даудың астында қалды. Жуырда ғана «жаңадан сатып алған» автобустар жаппай болмаса да, шетінен жөндеуге жіберіліп жатыр.

ЕСКІ АВТОБУСТЫҢ ЖАҢА ЖЫРЫ

Өйткені, бұл автобустардың тозығы жеткен. Бұған дейін бірнеше жыл Алматыда өз міндетін атқарғаны анық болды. Көліктің тозығы жетіп, күйреп тұрғанына көз жеткізу үшін сәуегей болудың қажеті шамалы. Қаланың кез келген аялдамасынан әлгі көліктерге отырсаңыз болғаны. Бәрін өз көзіңізбен көресіз. Көліктің сыры көшіп, бояуы ұшқан. Орындықтарына дейін жыртылған. Мүлкіңіз жағымсыз иіс қолқаны қабады. Орнынан ыңырауы қозғалғаны, сықырлап тоқтағаны — бәрі-бәрі тозығы жеткен темір екенін көрсетеді. Халық нөпірінің көптігін, тасымалдаушы транспорттың жетіспеушілігін осындай ескі көліктерді сатып алу арқылы шешуді жөн көрген «Айс Транс Холдинг» ЖШС

директоры Берік Жетпісбаев халықтың наразылығын жақсы біледі. Білсе де, мұндай қадамға қаржының тапшылығынан барғанын айтып отыр. «Ескі автобустарды неге сатып алдыңыз?» — деген тілшілердің сұрағына жауабы дайын екен.

Б.Жетпісбаев «Бүгінгі күнге дейін қала көшелеріне 40-42 автокөлік шығатын. Қазір осы автобустарды сатып алғаннан кейін жолаушылар көлігінің саны 55-60-қа дейін көбейді. Сатып алынған көліктердің жақсы күйде емес екенін мойындаймыз. Алайда, біз бұл қадамға қаржының аздығынан бардық. Салық, жалақы

мекеме басшысы «Кейін жана автобустарды сатып аламыз. Қоғамдық көлік мәселесін көпке созбай шешеміз» — деп сендірді. Десе де, қалаішілік қоғамдық көлік қатынасына тікелей жауапты компанияға байланысты тұрғындардан түсіп жатқан шағым бір бұл емес. Мысалы, дйттеген жеріне жету үшін, әр аялдамада кем дегенде 20 минуттай автобус күтіп тұру бүгінде жергілікті тұрғындар үшін қалыпты жағдайға айналған. Атыраудың тұрғыны Бек Қабақбаев қала ішінде қатынайтын қоғамдық



Немесе АТЫРАУДА ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ТҮЙНІ ҚАШАН ШЕШІЛЕДІ?

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Оксана ЛОСКУТОВА,
Бас прокуратураның
ресми өкілі:

«Соңғы үш аптада автобустарды тексеру барысында 2,5 мың заңбұзушылық анықталды. Жолаушы тасымалдайтын әр үшінші автобус техникалық байқаудан өтпеген. Жыл сайын жолаушы тасымалдайтын автобустың қатысуымен қалааралық бағытта орта есеппен 120 жол-көлік оқиғасы орын алады. Нәтижесінде 70-ке жуық адам қаза тауып, 370 жолаушы түрлі жарақат алады. Сондай-ақ кейбір автобустарда алғашқы жәрдем жинағы, өрт сөндіргіші, апат қақпағы мүлдем болмаған»

бойынша берешегіміз болған еді. Қазір біз оларды өтедік» — деді. Аталған мекеме басшысының айтуынша, бұл автобустарды биыл қараша-желтоқсанға дейін пайдалану жоспарланып отыр. Жауапты

көлік қызметіне көңілі толмайтынын ашық айтып отыр. Ол «Теміржол вокзалы — Авангард» бағытында қатынайтын №14-автобусты ғана көп күтпейміз. Араға 5-7 минут салып, жиі келіп жатады.

(Жалғасы 4-бетте)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Осы аптада валюта бағамы тағы құбылды. Көптен бері 318-320 теңгеден аспаған АҚШ доллары бірден 12 теңгеге көтеріліп, айырбастау орындарында 332 теңгеден сатылды. Осыған байланысты үнемі қазына қаржысын қызғыштай қорғап жүретін Парламент Мәжілісінің депутаты Омархан Өксікбаевтан пікір сұрадық.



О.ӨКСІКБАЕВ:

ДОЛЛАРДЫҢ ӨСУІНЕ ЕШ СЕБЕП ЖОҚ

— Омархан Нұртайұлы, экономикадан хабары бар депутаттың бірісіз ғой. Валюта бағамындағы өзгерістерге байланысты қандай пікір айтасыз. Үкімет пен Ұлттық банк тағы интервенция жүргізіп, қурсты тұрақтандыру үшін шығынданбай ма?

— Менің ойымша, дәл қазіргі жағдайда интервенция жүргізудің ешқандай қажеттілігі жоқ. Шынын айтқанда, елімізде валюта бағамының құбылуына әкелетін ешқандай экономикалық себеп болмай тұр. Кешелі бері болып жатқан валюталық өзгеріс Ресейдегі санкцияларды желеу етіп, эмоциялық жағдайда өсіп жатыр деп айтар едім. Әрине, Ресей - Қазақстанның сыртқы қарым-қатынасындағы маңызды мемлекеттердің бірі. Көрші елдің экономикасында болып жатқан өзгерістер бізге тікелей әсер етпесе де, жанама ықпалы болады. Оның бәрі елдегі қам-қарекетке байланысты. Вице-премьер Ерболат Досаев та үкімет пен Ұлттық банктің бірлескен шараларды қолға алатынын мәлімдеді. Олар енді қандай механизмді қарастырады? Әрі қарай валюта бағамының өсімін тізгіндей ала ма? Көп мәселе осыған байланысты.

— Валюта бағамындағы өзгерістер еліміздегі баға саясатына әсер етпей ме? Тұрғын үй, азық-түлік қымбаттап, басқа да тауар бағасы көтерілмей ме?

— Қаржы нарығындағы өзгерістердің белгілі бір деңгейде бағаға әсері болады. Дегенмен, жоғарыда айтып өткенімдей, алдын ала қам жасауымыз қажет. Мысалы, Ресей санкцияға байланысты өз кәсіпкерлеріне мемлекет тарапынан қамқорлық жасауда. Егер үкімет тиісті шараларды жедел түрде қолға алып, механизмдерін қарастырмаса, валюта бағамындағы өзгеріс ұзақ сипат алуы да мүмкін. Бірақ тағы да қайталаймын. Дәл қазір доллардың қымбаттауы Ресейдегі ахуалға байланысты емес, эмоциялық жағдайда өсіп отыр. Өйткені, біздің елде валюта бағамының құбылуына тікелей әсер ететін экономикалық тұрғыда қажеттілік жоқ.

Сұхбаттасқан Бейсен НАРЫНБЕК



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)
71,25



DOLLAR
329,61



EURO
409,53

АЛТЫН (ун.)
1342,60



ЖЕТІМ КӨРСЕҢ, ЖЕБЕЙ ЖҮР!

БАУЫРМАЛДЫҚ



Патронаттық тәрбиеме алған мына балалар қазір әбден бауыр басып, үйреніп кетті. Өзімнің туған балаларымдай. Ауылдағы қазақ мектебінде оқиды.

(Толығырақ 5-бетте)

ТАҒДЫР



ЖӘМИЛА НЕГЕ РЕНЖІДІ?

немесе АТАҚТЫ БЕКМЕТ ӨҮЛЕТІ ТУРАЛЫ ҮЗІК СЫР

Жәмиланың айтуына қарағанда, Халекең Құнанбай қажы мешітін салуға қаржылай көмек көрсеткен. Сондай-ақ мешіттің сәулет жобасы туралы да недәуір жәрдем беріпті.

(Толығырақ 7-бетте)

ҚЫЗЫҚТАН
ҚЫЗЫҚТАРЫ

Мектепке —
Қайықпен



(Жалғасы 4-бетте)

ТЫҢ БАСТАМА

Америкада 280 долларға сатылатын оқулықты біздің студенттер тегін оқиды. Бұл туралы көше Астанада, Назарбаев орталығында өткен алқалы жиында мәлімдеді. Басқосуға мемлекет басшысы қатысып, сөз сөйледі.

Ұлттық аударма бюро басшысының айтуынша, дәл осындай бір оқулықты құрастырып, басып шығару үшін 500 мыңнан 3 миллион долларға дейін қаржы кететін көрінеді. Сондықтан да оқулықтардың бағасы әдетте өте жоғары. Мысалы, профессор Мэнкьюдің «Экономика» атты оқулығын америкалық студенттер 280 долларға сатып алады. Оның үстіне, оқулықты өзге тілге аударып, басуға да автор қатаң бақылау жасайды. Ал бұл оқулық біздің тәлімгерлердің қолына тегін тиелі.

Ұлттық аударма бюро директорының айтуынша, аударма жұмысына еліміздегі іргелі оқу орындары, гуманитарлық бағыттағы ғылыми-зерттеу орталықтарының мамандары тартылған. Тәржіманы мейлінше сапалы шығару үшін жұмысқа тәжірибелі аудармашылар мен жоғары оқу орындарының ұстаздары, ғылыми редакция жасауға еліміздің белгілі ғалымдары, әдеби



топтамасы Қазақстанның ашық университеті платформасы арқылы таратылмақ.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының жарияланғанына бір жыл толды. Оның ішінде осы жоба да бар. Тұсаукесер рәсімде Президент оқулықтардың бәрін парактап

ұғымдар жинаған. Солардың үштен бірі қолданысқа жанадан енгізіліп отыр.

Алғашқы оқулықтардың ішінде Дерек Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін», Энтони Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихы. Антика философиясының» 1-томы және «Батыс философиясының жаңа тарихы. Орта ғасыр философиясының» 2-томы, Реми Хесстің «Философияның тандаулы 25 кітабы», Дэвид Бринкерхоф, Роуз Уэйтс, Сьюзан Ортеганьң «Әлеуметтану негіздері», Джордж Ритцер, Джеффри Степнишкілдің «Әлеуметтану



100 ОҚУЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛДЫ

редакцияға қарымды қаламгерлер, білікті редакторлар мен баспагерлер шақырылған. Сондай-ақ ғылыми аудармасы жақсы дамыған елдердің тәжірибесі мұқият зерттелді. Дүниежүзінің 181 мыңнан аса аудармашысы қолданатын арнайы тұғырнама ұсынылды.

Тандалған оқулықтардың бәрі бұған дейін әлемнің 42 елінде 34 тілде басылып шығыпты. Қазақ тіліне аударылған құнды еңбектердің таралымы 47 миллионнан асады. Әрине, бұл аз таралым емес. Әрбір оқулық 10 мың данамен басылып, алдағы бір айдың ішінде жоғары оқу орындары мен кітапханаларына таратылады. Биылдан бастап оқу бағдарламасына да енгізіледі.

Сондай-ақ, барлық оқулықтардың электронды нұсқалары және соның негізінде әзірленген бейнедеріс

шыққанын айтты. Сондай-ақ Н.Назарбаев «Біз оқыған кезде қолымыз жетпеген құнды дүниелер екеніне көзім жетті. Менеджмент болсын, басқару болсын, бәрін біліп-танып жатырмыз. Бірақ мынау психология, тіл тарихы сияқты ғылым салаларымен терең танысқанымыз жоқ. Ағылшын тілінде оқыған жастарымыздың қолы жеткен болар. Бірақ қазақтың баласы әлі мұндай оқулықты көрмеген. Сондықтан біз бір жағынан қазақ тілін байыттып, екінші жағынан, білімді одан ары өсіреміз деп, осы жобаны қолға алып отырмыз», — деді.

Осы арада айта кетейік, жобаме айналысу үшін «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры құрылғаны белгілі. Олар әлемнің жетекші баспаларымен байланыс орнатқан. Алғашқы 18 оқулықтың глоссарийлері негізінде 3 мыңнан астам ғылыми терминдер мен

теориясы», Эллиот Аронсонның «Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе» деген құнды кітаптары бар. Сонымен бірге қазақ тілінде сөйлемеген Дзүйн Шулың, Сидней Элен Шулыңтің «Қазіргі психология тарихы», Дэвид Г.Майерс, Жан М.Туенждің «Әлеуметтік психологиясы», Н.Грегори Мэнкью, Марк П.Тейлордың «Экономика»; Дональд Ф. Куратконың «Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика» сияқты еңбектері тәржімаланды.

Мемлекет басшысы жанадан басылып шыққан оқулықтарға байланысты үкіметке бірқатар тапсырма жүктелді. Сол міндеттемелердің ішінде, ұлттық аударма бюросы 2018 жылға бекітілетін 30 кітапты сапалы аударып, басып шығару керек. Аудармашыларға жұмыс көп. Оған қаржы уақтылы бөлініп, одан кейінгі жылдарда қолға алынатын оқулықтар дер кезінде бекітіліп сарапталуы қажет. Екіншіден, жастардың бұл оқулықтармен таныса бастағаны жөн. Алдағы оқу жылынан бастап осы оқулықтармен оқытылатын пәндер білім беру бағдарламасына енгізілетін болды. Үшіншіден, қолданысқа енген терминдерді жинақтап, гуманитарлық-экономикалық лексиканың түсіндірме сөздігі шығатын болады. Төртіншіден, оқулықтарды кәдімгі кітап түрінде шығарумен қатар, цифрлық негізде, онлайн білім беруді дамытуға тиіс екендігі де айтылды.

Қазақстанның тәуелсіз, егемен мемлекет ретінде өз әліпбиі мен өз жазуын тандағанын, кез келген елде



мұндай оқиғаның аса маңызды әрі ұмытылмас құбылыс болып саналатыны анық. Елбасы Латынға көшу идеясына Қазақстанның әлемдік көшбасшылар қатарына кіруі үшін, тіліміздің дамуы үшін барғанымызды ашып айтты. Сондай-ақ біз жана әліпбиімізді біртіндеп енгізе беретінімізді тілге тиек етті. Латын әліпбиін меңгеру үшін Абай Құнанбайұлының қара сөздері мен өз ойларын күнделікті жана қаріппен жазып жүргенін, мұның аса киын емес екенін жеткізді.

Ал ұлттық бюро басшысының айтуынша, оқулықты аудару үшін құрылған арнайы жұмыс тобы аударылатын оқулықтарға қойылатын талапты алдын ала бекітіп шығыпты. Талап бойынша, оқулық дүниежүзідегі маңдайалды 100 университеттің бағдарламасында болуы керек, кемінде үш рет басылып шығуы тиіс, мазмұны өзекті әрі идеялық тұрғыдан бейтарап болғаны дұрыс. Сонымен бірге оқулық заман талабына сай интерактивті оқып-үйренуге мүмкіндік беруі қажет.

Осындай талаптар негізінде философия, әлеуметтану, психология, тіл білімі, антропология мен дінтану, журналистика, экономика мен кәсіпкерлік салаларын қамтитын оқулықтар іріктеліп алынды. Енді білім аламын дейтін студентке жол көрсететін оқулық бар. 100 оқулық қазақ тіліне аударылды.

Жарас КЕМЕЛЖАН

Әлеумет.т⁰

Бізге мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік сатып алу кезінде отандық бизнестің шетке ысырып жатқаны туралы шағым түсіп жатыр. Соның бірі — көпке бұрын белгілі болмаған kundelik.kz бағдарламалық өнімі. Оның мазмұны мен кімге қажетті екеніне тиіспей тұрып, ол бағдарламаны жасаушыларға мән бермей кетуге болмайды. БАҚ-қа сенсек, 2016 жылдың наурызында әзірленген бағдарламаның құрылтайшысы «Kundelik» ЖШС, қазақстандық заңды және жеке тұлғалармен бірге Ресейдің «Дневник.ру» жауапкершілігі шектеулі қоғамы (ЖШК) болып табылады.

жасалады? Ал бізде 2010 жылдан бастап ел ішіндегі мектептерде сапасы одан кем түспейтін «Инновациялық технологиялардың орталығы» әзірлеген бағдарламалық өнімдер бар. Неліктен шетелде үлесі бар компанияға оқушылар мен ата-аналардың жеке мәліметтері беріледі? Неге шетелге қатысы бар жеке компания ақпараттық жүйелердің бірыңғай мемлекеттік операторға тиесілі БҒМ сервисін қолданады? Неліктен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӘ) жауапкершілігі шектеулі қоғамы жауапты атқарушы мен

«КҮНДЕЛІГІМІЗДІ» КӨРШІ КӨРІП ОТЫР

Бұған қоса, қазақстандық компанияның 45 пайыздық үлесі «Дневник.ру» ЖШК-на тиесілі. Яғни ресейлік платформаның базасында қазақстандық электрондық күнделік жұмыс істеп тұр.

«Ақ жол» фракциясы 2017 жылдың қыркүйек айында қазіргі білім жүйесінің жағдайында басқа елге кетіп жатқан жастардың мәселесін көтерген. Ал енді келіп, ұзақ уақыт бойы оқушыларымыздың үлгерімін қамтамасыз етуде шетелдік компанияны жұмылдыру қаншалықты тиімді? Үздік оқитын балалар ешқандай ұлттық бірыңғай тест тапсырмай көршілес елдердің жоғары оқу орындарына түсуіне жайлы жағдай жасайтыны анық. Осыған байланысты бірнеше сұрақ туындайды?

Неліктен білім және ғылым министрлігі (БҒМ) белсенді түрде насихаттайтын Бірыңғай электрондық күнделік Ресейдің платформасында

қазақстандық мердігердің өтініші шетке ысырылды?

Осы мәселеге байланысты мына сауалға министрліктің жауап беруін сұраймын. Біріншіден, жоғарыда аталған жоба бойынша мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бойынша келісім жасалды ма? Жасалса кіммен жасалды? Екіншіден, 2017 жылдың 4 наурызында өткен «Атамеке» Ұлттық палатанын отырысындағы қайта конкурс өткізуді ұйымдастыру неліктен өткізілмеді?



Кенес ӘБСӘТІПОВ,
Мәжіліс депутаты
(Депутаттық сауалынан)

7 сөз

70
МИЛЛИОННЫҢ
бөгеті
4 айға жетпей
бұзылды

Бәрекедлі!

Жағымды жаңалық! Күнгедей терістікке қоныс аударғандардың қатары моайып келеді. Жоспар бойынша биыл Оңтүстік Қазақстан

облысынан солтүстік өңірге 665 отбасы қоныс аудармақшы.



КӨШ КӨЛІКТІ БОЛСЫН!

Бұған атқарушы билікпен бірге, өңірдің іскер азаматтары және мәслихат депутаттары да білек сыбана кірісіп отыр. 9 ауданнан 75 отбасы солтүстік өңірмен танысып қайтуға ниет білдіріпті. Олардың 35-і Павлодар, 9-ы Қостанай, 26-сы Солтүстік Қазақстан облысына баруға өтініш білдірген.

Айтпақшы, көшеміз деген жандарға мемлекет тарапынан жыл бойы қаржылай көмек көрсетіледі. Мәселен, бір отбасы ай сайын тұрғын үйді жалға алу және коммуналдық қызметтер үшін 48100-72150 теңге мөлшерінде ақша алып тұрады. Сондай-ақ, көшіп барған 5 отбасыға 3 жыл бойы тұрақты жұмыс беріп тұрған жергілікті азаматқа әрбір жұмысшы үшін 1 082 250 теңге көлемінде субсидия төленетін болады.

Билік

«Мектепте пәндерді ағылшын тілінде оқыту жоғары сынып оқушылары арасында жүргізіледі. Балаларға ағылшын тілін қазір үйретпесек, келешекте олардан кәсіби маман даярлай алмаймыз. Бұл – уақыт талабы. Бүгінгі күні медицинада ағылшын тілін білмейтін маман қалай оқиды? Қалай олар техниканы, технологияны игереді? Ата-аналар мұны дұрыс түсінуге тиіс. Алайда қазақ тілін оқытуды да ұмытпауымыз керек». Елбасы осы жетіде білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиевті қабылдап, жекелеген пәндерді ағылшын тілінде оқытуға көшу үдерісіне ерекше тоқталды. Сондай-ақ кездесуде мемлекет басшысына білім

Нұрсұлтан Назарбаев білім беру жүйесі еліміздегі саяси, экономикалық және әлеуметтік реформаларды жүзеге асыру ісінде ерекше рөл атқаратынын атап өтті. Елбасы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жана мүмкіндіктері» атты биылғы Жолдау мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасында,

жеке балабақшалар құрылысының есебінен жүргізіліп отыр. 2019 жылдан бастап балабақша кезегіне мобильдік құрылғыларды қолдану арқылы тұруға болады. Қазір елімізде 3640 балабақша бар. Алдағы уақытта бұл көрсеткішті 4 мыңға жеткізу жоспарланып отыр. Осылайша кезек мәселесі түбегейлі шешілмек. Сонымен бірге Е.Сағадиев



сондай-ақ цифрландыру барысында білім беру ісіне зор мән берілгенін айтты. Ал мектептегі білім берудің сапасы осы бастамалардың табысты жүзеге асырылуының кепілі болып саналады. Кездесуде білім және ғылым министрі мемлекеттік және салалық бағдарламалар аясында министрлік алдына қойылған міндеттердің орындалу барысын баяндады. Министрдің сөзіне сенсек, 2018 жылы мектепке дейінгі білім берумен қамту көрсеткіші 95 пайызға жетеді. Негізінен, бұл

мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесі бойынша жаңа мазмұнға көшірудің нәтижесі жөнінде жаңаша ой айтты. Білім және ғылым министрінің айтуынша, 2016 жылы ағылшын тілінде 2 мың ғана мұғалім сабақ берген екен. Былтыр 11,5 мың педагог тиісті ағылшын курсынан өтуге өтініш білдіріп, олардың 3 мыңға жуығы даярлығын аяқтап, сабақ беруге кірісіпті. 8 мың мұғалім оқуын жалғастырып, қажетті деңгейге ауысуда. Осылайша, 2019 жылы 13,5 мың ұстаз төрт пәнді ағылшын тілінде беруді бастайды.

(Өз тіліміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

71

млрд теңге. Киберқатерге қарсы шараларға қаржы бөлінеді

96

мың теңге. Астаналық кәсіпкер бір бөтелке сыра үшін айыппұл төледі

52

Өзбекстан азаматтары өртеніп кеткен автобустың иесі әлі қолға түспей жүр

Аймақ

Сұлу Сырға жолыңыз түсті ме? Егер ақ күріштің отанына табаныңыз тиген болса, алып дарияның бойынан сәукелесі көз тартқан, шашы күріштің сабағындай жәлмен тербелген айдай аруд ескерткішті кездестіретінін анық. Ол – Сыр бойының символы. Осы өңірден шыққан шенеуніктердің Қызылордаға тартқан сыйы. «Сыр-Ана» тарихи монументі деп аталады.

337 миллион теңгеге салынған нән ескерткіш қазір ешкімге керек болмай, дәрет сындыратын орынға айналыпты. сағауап. kz хабарлағандай, өзенге жақын орналасқан үйлердің тұрғындары мен арлы-берлі өткен жолаушылар коқыс тастап, әбден ластаған.



Монументтің тозғаны соншалық, баспалдақтары бүлініп, сыртын қаптаған мәрмәр тас та сынған.

Алты жылдың алдында дүркіреп ашылу салтанаты өткен монумент неге керек болмай қалды? Тіпті «Сыр-Ана» деген ескерткіштің бар-жоғынан қала тұрғындары

хабарсыз болып шықты. Шаһарда 52 ескерткіш салынған. Оларды күтіп-баптауға бюджеттен жылына 60 миллион теңгеден артық қаржы бөлінеді екен. Бірақ «Сыр-Ананың» сыбағасының қайда кетіп жатқаны белгісіз!?

Диана ТОҚТАР

ЕЛЕУСІЗ ҚАЛҒАН ЕСКЕРТКІШ

Аран

ШЫРҚЫ БҰЗЫЛҒАН ДЕМАЛЫС

Қарағанды тұрғындарының жазғы демалысы қымбатқа түсетін болды. Жаздың қамын көктемде ойлаған 160 адам 17 млн теңгесінен айырылып, сан соғып отыр.



Олар шілденің аз күнін шетелде емес, қалтасына қарап өз елімізде өткізуді ойлапты. Бір жағынан отандық туризмді қолдау деп аталады. Сөйтіп, жергілікті демалыс орнына жолдама сатып алған екен. Бірақ қып-қызыл ақшаға алған жолдама жарамсыз болып шығыпты. Мекеменің бұрынғы қожайыны қамауға алынып, тергеліп жатыр. Ал қазіргі басшысы әлгі алданып қалған азаматтарға ескерту жіберіпті. Алданған жұрттың арасында 285 мың теңгесінен айырылған зейнеткерлер де бар. Арызданушылар жергілікті прокуратураға шағым түсірген.

Салтанат ШЫРЫНХАН

QOĞAM

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Аптаның айтысы



Геннадий ШИПОВСКИХ,
Мәжіліс депутаты:

«Есіңізде болса, сақтандыру туралы заң жобасы оқылымында сұрақ қойғанда жазбаша жауап беремін дедіңіз. Қазіргі заң жобасында сақтандырудың мөлшерлік бағасының қымбаттауына алып келетін талаптарды ешқандай есеп-қисапсыз енгізіп отырсыз. Өзіңізге қажет болғанда ғана есеп-қисапты керек дейсіз. Қажет болмаған кезде есеп-қисапсыз енгізе бересіз. Құрметті Данияр Талғатұлы, осы сұрақтың

жауабын өткендегідей жазбаша емес, ауызша, осы қазір жауап беруіңізді өтінемін».

Данияр АҚЫШЕВ, Ұлттық банк төрағасы:

«Сіздің сұрағыңыз бұл заңның мәні болып табылмайды».

Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, Мәжіліс төрағасы:

«Жо-жоқ, Данияр Талғатұлы. Осы Мәжіліс отырысының төрағасы ретінде регламентті бақылап отырмын. Ол сұраққа жата ма, жатпай ма, сіз оған баға бермей-ақ қойыңыз. Тікелей сұраққа тікелей жауап беріңіз».

Данияр АҚЫШЕВ, Ұлттық банк төрағасы:

«Бұл сауалдың валюталық бақылау заңнамасына еш қатысты жоқ екенін тағы айтқым келеді. Жазбаша жауап береміз».

Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, Мәжіліс төрағасы:

«Бүгін не болды сізге, әлде дайын емессіз бе? Ресми түрде түзетулер жоқ деп мәлімдейсіз, әлде Ұлттық банктің түзетулер енгізгенін білмейсіз бе? Геннадий Геннадийұлы, жазбаша жауап беруге тағы да мүмкіндік береміз бе? Штатасып отырған Ұлттық банктің төрағасы мұнымен өзі айналыссын».

Геннадий ШИПОВСКИХ, Мәжіліс депутаты:

«Жазбаша нақты жауап берсін».

Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, Мәжіліс төрағасы:

«Нақты деген сөзді түсінесіз бе? Түсінбесеңіз Геннадий Геннадийұлына барыңыз, аударып береді».



Төтенше жағдай

Осы аптада Ақмола облысында екі ауылды жалғап жатқан жолды тасқын шайып кетті. Жолы бұзылған 150 тұрғыны бар елді мекен бірнеше сағат бойы көрші ауылдармен, тіпті аудан орталығымен байланыссыз қалды.

ТАСҚЫННЫҢ БЕТІ ҚАЙТПАЙ ТҰР



Тасқынның өкпіні күшті тұрғаны соншалық, су өткізетін бетон бұлғаны опырып кетіпті. Преображенка және Рақымжан Қошкарбаев ауылдарының арасындағы жол осылайша көлшікке айналып, одан ары-бері өту мүмкін болмай қалды. Соған қарамастан, окшау күйде отыра бергісі келмеген жұрт бүлінген жолмен өтіп жатыр. Тіпті біреулер жаяу-жалпы жолға шыққан.

Осылай қайтпас қайсарлық танытқан қайсыбір тұрғындарды полиция ғана тоқтата алды. Сөйтіп, Преображенканың тұрғындары бес сағат бойы сыртқы әлеммен байланыссыз қалып отыр. Айтып келетін апаттан жапа шеккен шарасыз тұрғындардың бірі «Жыл сайын осы. Жолды өтірік жасай салған. Қорқынышты. Үйге бару керек, онда анамыз бар. Енді не істейміз?» дейді.

Жергілікті шенеуніктер болса, су тасыған жерлерді топырақ салынған қаппен бекітпекші. Олардың айтуынша, ауыл тұрғындарының соншалықты дүрлігуіне еш негіз жоқ. Өздері де

онша алаңдамайтын сияқты. Яғни Р.Қошкарбаев ауылдық аймағы әкімінің міндетін атқарушы Алтынай Қынабаева «4-5 сағат қана су өтті. Сол сәтте жолға учаскелік полиция күзеті қойылып, сактық шарасын күшейттік. Түнде су басылған соң, ауыл тұрғындары, жеңіл көлік жүре бастады. Екі ортамен байланыс бар», - деп жайбарақат отыр.

Ал Батыс Қазақстан облысында да тасқыннан зардап шеккендер көп. Зеленов ауданындағы Переметное ауылына жақын маңда Деркүл өзеніне салынған бөгетті су шайып кеткен. Бұдан тұрғындар зардап шеккен жоқ. Бірақ бұл бөгет бірнеше ай бұрын ғана бақандай 70 миллион теңгеге тұрғызылған екен. Енді сол қыруар қаржыны су шайып кеткендей болып тұр. Ол жақта да өзен деңгейі еріген қар суының әсерінен көтеріліп кеткен. Өңірдегі атқамінерлер бөгеттің бүлінген жерін оны салған компанияның өзі жөндеп береді дейді.

Мұхит Тұрсынәлі

Түйткіл

(Басы 1-бетте)

ЕСКІ АВТОБУСТЫҢ



Ал сол «Теміржол вокзалы — Балықшы» маршруты бойынша қатынайтын №2 автобус, «Балықшы — Авангард», «Балықшы — Жеңіс саябағы» бағытындағы №12, 30 қоғамдық көліктерді кейде жарты сағатқа дейін күтуге тура келеді. Ол — ол ма, дінкелетіп жеткен автобус әр аялдамада жоқ жолаушыны күтіп, тағы бірнеше минут бостан-

Қала ішінде жарысу, «бәйге» ұйымдастыру Атырауда да бар. Жүргізушілер қала ішінде жүргендерін ұмытып кететін сияқты, жоғары жылдамдықты тас жолда жүргендей «ұшады». Кондукторлардың мәдениеті өз алдына бөлек тақырып. Адами қарым-қатынасқа аса маңыз бере қоймайтын кей билет сатушылар арасында уақытты



үнемдеуге ескерту жасаған жолаушыларды бетінен алып жатады. Немесе

дөрекі жауап береді. Бұған күнделікті өзіміз де куә болып жүрміз. Әрі дәл осы типтес арыз-шағым Атырау қаласы әкімінің мекен-жайына жиі түсіп жатады. Қала ішіндегі және оның сыртындағы жолаушылар тасымалындағы жайсыздықтан Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев та хабардар. Осы мәселені ресми жиындардың бірінде көтерген өңір басшысы қаланың әкімі Серік Шапкеновті тікесінен тік тұрғызып, сұрақтың астына алған болатын. Қала әкімі С.Шапкенов «Жолаушылар тасымалы жауапкершілігі жоғары, шығыны көп сала. Өкінішке қарай, тап осы салада бәсеке жоқ. Жұмыстың өз дәрежесінде ұйымдастырылмауына, бәсекелестіктің болмауы кері әсерін тигізіп отыруы мүмкін. Бұл мәселе біздің назарымызда. Қаладағы көлік қатынасын тиімді ұйымдастыру жолдарын Л.Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол академиясымен бірлесіп қарастырып жатырмыз» — деп ақталды.

Тасымалдаушы компания шығынының көптігімен, қала басшылығы бәсекенің жоқтығымен ақталып әлек болып отырғанда, уақыт шіркін зымырап өтіп жатыр. Атырау тұрғындары әзірге ескі көліктердің қызметін пайдаланудан басқа амалы болмай тұр...

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

НЕМЕСЕ АТЫРАУДА ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ТҮЙІНІ ҚАШАН ШЕШІЛЕДІ?



Берік Жетнісбаев

көліктер салонды адамға шамалан тыс толтырып алып жүруге әбден үйренген. Қыс мезгілінде көп байқалмағанымен, жазда қиын. Көлік ішінде ине шаншырлық орын болмайды. Капырық ауа жүректі қысады. Осындай сәтті қалта қаккыш ұрылар да сәтті пайдаланады» — дейді.

босқа тұрады. Сөйтіп, ырғалып-жырғалып жүргенде баратын жеріне кешігіп жетесін. Бұған қоса, біздің қоғамдық



Құрық

Шымкентте дәу шенеуінік құрықталды. Ол анау-мынау емес, Ауғанстаннан келген 4 кісіге еліміздің азаматтығын алып беруге уәде беріпті. Тегін емес, әрине. Бұл қызметіне өлгілерден қомақты ақша дөметкен. Бірақ құлқынқұмардың ниеті іске аспай қалды. Ол қылмыс үстінде ұсталды.



ҚҰРЫҚҚА ТҮСТІ

Көші-кон қызметі басқармасының бастығы Н.Төлегенұлын ауғанстандықтардан 3500 доллар және 30 мың доллар (муляж) көлемінде пара талап етіпті. Ішкі істер министрлігінің мемлекеттік тіл және ақпарат департаментінің директоры Алмас Сәдубаевтың айтуынша, Н.Төлегенұлы Шымкент қалалық ІІБ уақытша ұстау изоляторына қамалған, тергеу амалдары жүргізіліп жатыр.

Ал, әйтпесе!

Өскеменде 2014 жылдың жазында Абай мен Михаэлиске арналған ескерткіш қойылған еді. Бірақ жұрт дұрыс жасалмаған деп шу шығарғандықтан, ол тұғырында бір-ақ күн тұрды. Яғни маусымның 23-іне қойылған ескерткіш 24-і күні орнынан алынып тасталды.

Содан кейін бұл жайт ұмытылғандай болып еді. Алайда төрт жылға жуық уақыт өткеннен кейін әлгі ескерткіш қайтадан еске түсіп отыр. Оны еске түсіріп отырған — ғұламалардың мүсіндерін жасаған шебер Владимир Самойловтың ұлы. Ол ескерткіштің бір бөлшегін, яғни орыс ғалымы, кезінде Абай атамыздың досы болған Евгений Михаэлистің бас-кеуде

шығармашылық адамдарына, суретшілерге қалай иттік жасайтынын көрсеткім келді. Керек кезде тапсырыс беріп, керек болмай қалса лақтырып кететіндеріне көпшіліктің назарын аударайын дедім. Бұл ескерткіш шын мәнінде ешкім үшін емес, есеп үшін ғана жасалған. Енді әкемнің еш кеткен еңбегін аз да болса ақтатсам екен», — деп ағынан жарылады.

САУДАҒА ТҮСКЕН МҮСІН



Михаэлистің мүсіні

Дереккөзі: kik.kz

мүсінін сататынын жалпақ жұртқа жария етті. Шебердің ұлының да аты — Владимир. Осы кіші Владимир әлгі жарым-жарты мүсінді 200 мың теңгеге бағалапты. Ғаламторға хабарландыру берген. Ол бұл әрекетін екі жыл бұрын қайтыс болған әкесінің еңбегін жергілікті атқамінерлердің бағаламауына қарсылық деп түсіндірді.

Мүсіншінің ұлы «Негізі, мүсінді сатамын деген мақсатым болған емес. Тек ғаламторға хабарландыру беру арқылы әкімдіктерілердің

Төрт жыл бұрын орнатыла сала тұғырынан тайған осы ескерткішке жұрттың ашуланарлықтай жөні бар. Өйткені, онда сәулет туынды деуге келмейтін мүсін тым қораш көрінеді. Әрі қос ғұлама селфи жасап тұрғандай болып шыққан. Жергілікті билік ескерткішті сондықтан алып тастаған еді. Енді марқұм мүсіншінің ұлының осындай сәтсіз шыққан дүниені бағаланбады деп жатқаны түсініксіз, өрине!

Мұхит ТҰРСЫНӘЛІ

Қылбұрау

ЖЕҢІЛ АҚШАНЫҢ ЖЕЛІГІ

Сауданың да түр-түрі пайда болды. Қарағанды қаласында адам төнін саудалап, арам жолмен ақша тауып жүргендердің жолы кесілді.



Құқық қорғау орындары бірнеше жыл бойы қыздарды жезөкшелікке мәжбүрлеп келген қылмыстық топты ауыздықтады. Олар жеңіл жолмен ақша тауып келген алаяқтарды қылмыс үстінде құрықтау үшін екі ай бойы із кескен.

Қарағанды облыстық ПД баспасөз қызметінің жетекшісі Жанатай Сембековтің айтуынша, қылмыстық топта төрт адам болған. Басшысы 27 жастағы азамат. Оларға қатысты бірнеше бап бойынша қылмыстық іс қозғалып, сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізіліп жатыр.

Қызықстан қызықтары

Теңіз жағалай қонған ел емеспіз. Бірақ жылда көктемде қайық мінетін «дәстүр» пайда болды.

ҚАЙЫҚҚА ҚАРАҒАН КҮН



Батыс Қазақстан облысының Таскала ауданындағы «Шежір-2» ауылының оқушы балалары мектепке қайықпен қатынап жүр. Аудан әкімі Санжар Әлиев мектепке қайықсыз, жаяу баруға болатынын айтып ақталуда. Оның айтуынша, су көшенің кішкене бөлігін ғана алып жатқан көрінеді. Шамамен 100 метр. Ал «Ескегінді берші маған, Мен есейін, сен еспе» — деп әндетеді мектепке асыққан балалар.

Қорған

КИБЕРҚАЛҚАН ТОСҚАУЫЛ БОЛАДЫ



Қорғаныс және аэроғарыш министрлігі Ақпараттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары Руслан Әбдіқалыковтың айтуынша, қаржы мемлекеттік мекемелерді қорғауға, «Киберқалқан» жүйесін құруға жұмсалады. Бұл іске жанадан мамандар шақырылыпты. Енді технологияны ретке келтіріп, мемлекеттік органдармен қарым-қатынас орнату керек. «Киберқалқан» жүйесін құрумен Ұлттық қауіпсіздік

комитеті айналысып жатыр. Хакерлер көбіне интернет арқылы электронды үкіметтің нысандарына бұзып кіретін көрінеді. Онда жеке адамдар туралы да мәлімет бар. Қарақшылар былтыр мемлекеттік мекемелерге әлемнің түрлі елдерінен интернет арқылы шабуыл жасапты. Абырой болғанда, ешқандай шығын келмеген. Мамандар компьютер қорғалмаған болса, мұндай шабуылдар тыйылмайды деген пікірде.

Жетім көрсең, жебей жүр!

Табалдырықтан енді аттай бергенімізде сұңғақ бойлы, сары бала қос қолын ұсынып, аузын толтырып:

— Ассалаумағалейкум, — деп сәлем берді, — төрге шығыңыздар, анам үйде, қазір шақырайын.

Еңсәлі, аумағы атшаптырым көң, құрқылтайдың ұясындай жып-жылы үйдің қай бұрышына қарасаң да, ұқыпты қолдың табы анық байқалады. Көлденең жатқан бір бұрау жоқ, мұнтаздай таз. Бой жетіп қалған, ұқыпты киінген қыз бала компьютердің жанында отыр. Шамасы інісі болуы керек, енді біреуі жазу жазып отыр.

Балалардың анасы Гүлнәр Әміржанқызы сапарымыздың мән-жайын білетін. Алдын ала телефон арқылы хабарласқанбыз. Сөзден соң осы балаларды асырап алуы жайлы, шешіле сөйлей бастады.

— Өз перзенттерім ер балалар болған соң, бір қызды бауырыма басқым келген. Бірақ жетімдер үйінен қыз бала таба алмадым. Алғашқыда оған өкінем де, кейін қазақ қызының жанары жаудіреп, жетім қалмағанына қуандым. Патронаттық тәрбиеме алған мына балалар қазір өбден бауыр басып, үйреніп кетті. Өзімнің туған балаларымдай.

Ауылдағы қазақ мектебінде оқиды. Қазақшаға тілі өбден жаттыққан, бір мүкісі жоқ. Біздің шаңыраққа келгенше тіл сындырған екен. Ақкөлдегі балалар үйінде ертеректе Вера Ковалева деген директор болыпты. Негізінен сол кісінің еңбегі. Біз барып бала тандап жүргенімізде естіген мына бір сөз жалымызда жатталып қалыпты. Ұзақ жылдар бойы сол мекемеге басшылық еткен директор көңіліне көп жайды тоқыса керек. Балалар үйінің тәрбиеленушілерін жергілікті ұлт тілінде тәрбиелеуге тырысқан. «Осы балаларды бауырына бір басса, қазақтың отбасылары басады» — депті. Астарындағы ойды қараңызшы, жалғыз ауыз сөздің мазмұнында үлкен мән жатыр ғой.

Бұл Ақмола облысының Зеренді ауданына қарасты Баратай ауылы. Баратай негізгі мектебінде аспаз болып еңбек ететін Гүлнәр Әміржанқызы мен ауданда ветеринар болып қызмет ететін жары Сайран Ыбыраевтардың шаңырағында Виктория, Евгений және Иван Клепцовтар тәрбиеленуде. Біз бұрынғы есімдерімен атап отырмыз. Әйтпесе, қазір бұлардың барлығына өз еріктерімен, азан шақырып, қазақша ат қойылған. Оны айтасыз, сүндетке отырғызылған. Оның да қызық себебі бар екен. Шок жұлдыздай шағын ауылдың білім ошағындағы оқушылар онша көп емес. Бір-бірімен тығыз араласалы. Алғашқыда тілі жатық болғанымен, түр жат балаларға тосырқай қараған. Кейін еті үйрене келе ұлтының кім екендігін сұрамай ма?

— Қазақпыз, — дейді жанадан келген балалар.

— Қазақ болсаңдар сүндетке неге отырғызылмағаныңдар? — дейді Баратайдың тентектері.

Ният осыдан басталса керек. Бірден емес, әрине! Жыл жарым

Әйгерім деген әп-әдемі қазақ қызының есімі берілген Виктория жыр жаттағанды, ән салғанды жақсы көреді. Қазір білім ошағындағы ауық-ауық өтіп тұратын мәдени шараға үзбей қатысады. Ауылда ғана емес, ауданда да, облыстық деңгейде де өнер көрсетіп, жүлделі орын иеленіп жүр. Шай үстінде самал желдей желпіген музыка әуеніне қосылып, ана туралы ән салды. Әуені де, сөзі де жақсы екен. «Ана сені Меккеге апарамын» деген ән сөзінің жүрек шымырлатар тұсына келгенде анасының кірпігіне мөлдір тамшы ілініп қалды. Өз бойындағы анаға деген алқаусыз сезімнің, нақтырақ айтсақ, перзенттік пейілінің, махаббатының шымырлай қайнаған шарпылысы іспетті.

Ақмола облыстық «Абай оқулары» сайысына екі жыл қатарынан қатысып, екі жолы да екінші орынды иеленген Әйгерім «Балдәурен» балалар лагерінде болып қайтыпты. Әсерін, көңілге түйген әдемі жайды айтып тауыса алмай отыр. Евгений — Ерхан мектептегі

— Бұл балалардың бәрі тәртіпті, — дейді негізгі мектептің директоры Толқын Сәдуақасова, — әсіресе Әйгерім мектеп мақтанышы десек, артық айтқандық емес. Жалғыз бұлар ғана емес, біздің ауылда тағы төрт баланы тәрбиелеп отырған Айтбаевтар отбасы бар. Үлкендері Жолан қазір Краснояр селосындағы №3 агротехникалық колледжінің үшінші курсына. Болашақ



Карақат Айтбаева (оңнан солға) Серік және Еламан

БАУЫРМАЛДЫҚ

белсенді оқушылардың бірі. Үйге келгенде де сабақтан бас алмайды. Қолы босай қалса, кәдімгідей қолғанат. Жылқыны жақсы көреді.



Ерхан (Евгений КЛЕПЦОВ):

Бізді ең алғаш болашақ ата-аналарымыздың үйіне бір аптаға ғана жіберді. Аз күннің ішінде ата-ана мейірімін жүреппен сезіндік. Гүлнәр Әміржанқызы мен Сайран Ыбыраевқа бауыр басқанымыз соншалық, балалар үйіне қайтып барғымыз келмей қалды. Қазір өзімді ең бақытты баламын деп есептеймін. Бұрын ананың жылуын, өкениң қамқорлығын аңсаушы едім. Сондай мейірімге жүрегім толып жүр. Мұнда келмес бұрын қазақ тілінен аз ғана хабарым болды. Ал бүгінде еш мүдірмей сөйлейтін деңгейге жеттім. Әйткені бұған алдымен әке-шешеміз Гүлнәр мен Сайранның үйдегі тәрбиесі, содан кейін мектептегі ұстаздарымыздың қазақ тіліне баулуы көп әсер етті. Мен өзімді Баратай қазақ ауылының бір қара домалағым деп мақтанышпен айта аламын!



Үш баланы асырап алған ана Гүлнәр Ыбыраева, Виктория, Иван және Евгений Клепцовтар

ойланып-толғанған. Онай емес қой. Балалар өздері өтініп, қайта-қайта сұраған соң сүндетке отырғызып, тойын жасаған, қолына асықты жілік ұстатқан. Ауылдың үлкендері келіп бата берген. Бағзы заманның салтымен байғазы ұстатқан.

Түнеукүні жабағыларға бас білдірді. Егер сабағын оқуы керектігін есіне салмасаң, жылқының жанынан екі елі шықпауға бар. Қазір интернеттен жылқы жайлы мәліметтерді, ат өззелін жинастырып жүр. Ер-тоқымның түрін де зерттейді.

фермер. Інісі Руслан да сол колледжде бірінші курста. Ал Еламан мен Серігі мектеп оқушылары.

Осы балаларды бауырына басып отырған Карақат Жәнетқызымен де жолықтық. Жоламан, Руслан, Еламандар бір отбасының балалары екен. Ал Серігі басқа отбасының перзенті. Қазір төртеуінің арасында бөтендік жоқ, барлығы бір үйдің баласындай. Карақат Жәнетқызы үшін де дәл солай.

Әуелі бір жұмаға қонаққа әкеліпті. Балалар үйінің тәртібі солай екен. Бауырына басатын балалар болашақ ата-анасының мекен-тұрағын, ауыл-аймағын өз көзімен көрмек. Бауыр басып кете ме, жоқ па, ол да үлкен мәселе. Ең қызығы, бір жұмадан кейін қайтадан балалар үйіне алып бармақшы болғанда басталған. Айналырған бір жұманың ішінде жана отбасына бауыр басып қалған балалар «біз ешқайда бармаймыз, осында қаламыз» деп қиғылықты салыпты.

— Дәл сол сәтте, — дейді Карақат Жәнетқызы, — аналық сезімім оянып, жүрегім елжіреп кетті. Бірақ тәртіп бойынша балалар үйіне апаруымыз керек. Айналып-толғанып, сендерді қалай да алып кетеміз деп уәде бердік те, құжат толтыруға жүгірдік. Балалар түгілі, өзіміз де қашан сол күн жетеді екен деп асыққанымызды айтсанызшы.

Баратай негізгі мектебінде балалардың заман талабына сай білім, тәрбие алуына барлық жағдай бар. Компьютерлер интернет желісіне қосылған, мектептің шағын да болса кітапханасы, пән кабинеттері бар, әртүрлі үйірме жұмыс істейді.

Отбасындағы тәрбие де олқы емес, қайта көп жерден көркем, ұлағат-тәрбиесі мол. Мәселен, Ыбыраевтар отбасы бірнеше жылдан бері аудандық және облыстық «Мереуілі отбасы» байқауына қатысады. 2016 жылы аудандық байқауда жеңімпаз атанған. 2017 жылы республикалық байқауда 68 отбасының ішінде 2-орын иеленіпті.

Балалардың киім-кешегі, ас-суына жағдайлары толық жетеді. Отағасының өз шаруа қожалығы бар. Ауылда тұрған соң тіршілік көзі — төрт түліктің сүмесі. Отағасы Сайлаудың шаруа қожалығында үйір-үйір жылқы, табын-табын қара мал бар. Оған қоса, үй

іргесіндегі көлшікте жүздеп қаз-үйрек бағалы. Үйдің іші де кірсе шыққысыз болып жайнап тұр.

Балалардың оқудағы озат үлгерімі — ата-ана үшін мәртебелі мерей. Ал өзге ұлт өкілдері арасындағы сайыстардан, әсіресе, «Абай оқулары», «Қазақ тілі — мемлекеттік тіл» байқауларының жүлдегері атануы шын мәнінде мақтаныш.

Әңгіме ау-жайы қайтадан тіршілік қамына ауысқан. Болашақ бағдары жөнінде.

— Бұл балаларды өз атымызға түсірген жоқпыз, — дейді Гүлнәр Әміржанқызы.

Алғашқыда сөз астарын ұқпағанбыз. Сөйтсек, жетім балаларға берілетін жеңілдікті сақтау үшін жасалған қам екен.

— Жетім балаларды мемлекет қамқорлығына алып, пәтер береді емес пе? — дейді анасы, — біз ата-ана болып асырап, сақтағанымызбен, бәріне бірдей үй әпере аламыз ба, жоқ па, сол жағын ойладық.

Патронаттық тәрбиеге алған ата-анаға егер педагогикалық білімі болатын болса, ай сайын 67 мың теңгеден, әйтпесе, тәрбиеші ретінде 53 мың теңгеден жалақы төленеді. Әр баланың киім-кешегі, ас-суына 22 мың теңгеден көмек беріледі.

— Негізінде оған қарап отырған жоқпыз, — дейді Гүлнәр Әміржанқызы, — шынтуайтында, 22 мың теңге көп қаржы емес қой. Біз балаларды әр сенбі сайын облыс орталығына апарып қыдырғаныз, балалардың ойын-сауық орындарында болып бой жазады, бассейнге түседі.

Бассейн дегенде, демалыс күндері үйде қамалып отыратын екі-үш немереміз еске түсіп, ыңғайсызданып қалдық.

Баратай — бірлігі бекем, берекесі мықты ауыл. Ел жайын ойлайтын ер-азаматтары көп. Шет жайлап, шалғайда жүрсе де, туған жерлері естерінен шықпайтынға ұқсайды. Аға буыннан Көкшетау қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шияп Әлиев, бұрынғы ауыл әкімі Асылбек Есмағамбетов бар. Әсіресе, Астанада тұратын кәсіпкер Абай Әлиев, сондай-ақ Мереке Рүстемов, Мұса Рахымов, Еркін Жарқынбаев тәрізді жігіттер ұдайы қамқорлық көрсетіп тұрады екен. Балаларға қажетті киім-кешек, спорттық бұйым, ойыншық. Осы қамқорлықтың ар жағында бала саны азайып, мектебі жабылудың аз-ақ алдында тұрған ауылға деген перзенттік пейілдің ыстық ықыласы естіген сәтте-ақ жүрегінді жылытып жібереді.

Небәрі 36 оқушысы бар негізгі мектеп осы балалардың есебінен жабылмай тұр. Жарым көңілдері жақсы ата-ана тауып жайланған, титімдей кезінен тіршіліктің ақ бас толқындарымен алысып, өмірдің өпкесіне төтеп берген көкірім жастар ауыл қотанын толтырып, салмағын көтеріп тұрған тәрізді. Ауыл — балаларға бесік. Балалар — ауылдың базары. Туған жерінің түтіні түзу үшу үшін де дәл осылай толысуың керек екен ғой.

Аттанарда жеті жастағы Иван, азан шақырып қойған аты Олжас алақанын жайып үлкендерше бата берді. Өзі де елзектігімен көрші-қоланның батасын алып жүр екен. Пейіліне қарап, болашағына сендік. Баталы бала арымайды ғой.

Байкал БАЙӘДІЛОВ
Суреттерді түсірген
Берік ЕСКЕНОВ,
Ақмола облысы

KÓKEIKESTI

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Ар-намыс

Жуырда ғана Атыраудағы қонақүйлердің бірінен жезөкшелерге «ерекше» жағдай жасап келген күзетші ұсталды.

Желіге жедел тарап көткен бейнежазбада күзетші жеңіл жүрісті қыздардың бірінен 3 мың теңге көлемінде ақша алып жатқан жерінен құқық қорғаушылардың қолына түседі.

«Stop-трафик» жедел-профилактикалық шара кезінде анықталған оқиға бойынша Атырау облысы ішкі істер департаменті таратқан мәліметке қарағанда, күзетші қонақүйге тұрақтаған мейманға екі бірдей жеңіл жүрісті қыздың «қызметін» ұсынған екен. Ресми жария болған мәліметтерге қарап, күзетшінің әлгі қыздарға тұрақты түрде клиент табумен айналысу арқылы, қалтасын қампайтып келгенін бағамдау қиын емес.

Атырау облысы ішкі істер департаментінің баспасөз-хатшысы Назымгүл Қайсағалиеваға хабарластық. Ол «Күдікке ілінген азамат 1975 жылы туған. Ол қаладағы күзет фирмаларының бірінде қызмет етеді. Қазіргі таңда Қылмыстық Кодекстің 309-бап, 1-бөлімі бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары басталды. Және әкімшілік хаттама толтырылды» — дейді. Бейресми деректерге сенсек, мол табысқа кенелу мақсатында жеңіл жүрісті қыздардың Атырауға Шымкенттен келгені айтылып жүр. Өкініштісі, таспаға түскен екі қыздың екеуі де қазақтың қолан шашты арулары.

Жалпы, бұл «жаналықты» қоғам дабыл қағатын деңгейде қабыл алды десек, қатты қателесеміз. Себебі қоғам туған

ҚЫЗДАН ҰЯТ КЕТСЕ,



баласын әжетханаға тастап, мізбақтастан кете беретін қатыгез әйелдер туралы да, өз анасын өзі буындырып, емін-еркін сабаққа қатысатын жөлекпелер жөнінде де күнде әртүрлі хабар естіп жүр. Ондай жағымсыз «жаналыққа» етіміздің өліп кеткені соншалық, жамандық атаулының барлығын қалыпты жағдай ретінде қабылдайтын күйге жеттік.

Тағы бір парадокс сол, талай отбасының шаңырағын ортасына түсіріп, аты жаман аурулардың атомдық жылдамдықпен дамуына тікелей ықпал етіп отырған бүгінгі тақырып — жезөкшелерге қарсы қолданылатын елімізде бірде-бір қатан заң жоқ. Олардың қызметін пайдаланушылар туралы тіптен айтпасақ та болады. Жезөкшелер осындай камераға түсірілетін шаралар кезінде қолға түседі, кейін оларды жентетайлары айыппұлдын төлеп, шығарып алады. Сөйтіп, баяғы еті үйренген жұмысқа қайта оралады. Болды.

Осыдан 7 жыл бұрын еліміздің ішкі істер министрлігі жезөкшелердің санын ресми түрде жариялады. Құқық қорғау

КҮЗЕТШІ «КРЫША» БОЛАДЫ

мекемелерінің есебіне алынған жеңіл жүрістілердің саны сол кезде 4 мыңға жеткен болатын. Сол мәліметпен кейін құзырлы органдар бұл тақырыпқа қайта оралған жоқ. Десе де, бейресми деректер шетелдерден келетін «гастролерлерді» қоспағанда, өз еліміздегі жезөкшелер санының 10 мыңнан асатынын айтады. Көленке артандағы азғындық өз алдына. ВИЧ инфекциясын жұқтырған адамдар санының артуына да ықпал етіп жатыр. Денсаулық сақтау министрлігінің мына бір мәліметінде, өткен жылдың бірінші жартысының өзінде елімізде аталған инфекциямен тіркелгендердің саны 1430 адамды құраған. Мамандар аурудың көбеюіне көп жағдайда кім көрінгенмен төсек қатынасына түсе кетудің себеп болып отырғанын алға тартуда.

Заң дейміз, басқа дейміз, біздіңше, қоғамның бүгінде осындай деңгейге дейін құлдырауына сіз бен біздің, яғни жеке өзіміздің босбелбеулігіміз тікелей кінәлі. «Қызға қырық үйден тыйым», «Әке тұрып, ұл сөйлегеннен бәс, ана тұрып, қыз сөйлегеннен бәс» деген мақалдарымыз әдірме қалған бүгінгі заманда ұл мен қызды үйдің ата-ана емес, инстаграмм мен «ВКонтакте» тәрбиелейтін жағдайға жеттік. Әуретті жерін әлеуметтік желіге салып, әртүрлі ракурста суретке,



видеоға түсірумен уақытын өткізіп жүрген Байзақовалар мен Қалисвалар қазір біздің жастарымыз үшін белгілі бір деңгейде «идеалға» айналып баралы. Осылай жалғаса берсе, желідегі ұятсыз видеоларына жинаған лайк санын анасына айтып мақтанатын қыздардың жана толқынының қалыптасып шыға келуі де ғажап емес. Ұлдан намыс, қыздан ұят кетіп бара жатқан шақта ұлт болып ойласатын жайттың бірі бұл.

Мына бір грозныйлық шешеннің әңгімесі әр қазақтың көкейінде жүрсе ғой, шіркін!.. «Астана — Атырау» бағытындағы пойызда сапарлас болған шешен жігіті қыз тәрбиесі туралы көп айтты. «Шешен басқа ұлттан қыз алады. Бірақ басқа ұлтқа қызын бермейді. Басқаға қызымызды берсек, қанымыз бұзылады. Басқалар қыз алсақ, шешеннің саны көбейеді. Біздің ұлтымыз ұлдың да, қыздың да тәрбиесіне қатты көңіл бөледі. Ұлдың қылмысын халықтың соты қарайды. Дала заны қандай үкім кессе де, ешкім қарсы болмайды. Ал бейбәл әрекетімен көзге түскен қыз әкесіне, иә, ағасының қолына беріледі. Шешен ұлтының намысына күйе жакқан қыз өз туғандарының қолымен халық алдында жазаланды» — деген еді жолаушы. Біреу қолдар, біреу даттар, бірақ ар соты деген институт біздің қоғамға бәрібір керек-ақ!..

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы



Татулық

Еліміз тәуелсіздігін жариялағаннан бері татулық, бірлік, келісім сынды құндылықтардың маңызы жыл өткен сайын артып келеді. Мемлекетіміздің осы жылдар ішінде бағындырған бөлесі тұрақтылық пен бейбітшіліктің арқасында болса, оның негізі Елбасы айқындаған этносаралық келісім мен бірліктен бастау алады.

Қазіргі таңда елімізде әлемде теңдессіз саналатын татулық пен бірліктің, көп этностық қоғамдық келісімнің бірегей үлгісі қалыптасқаны көпшілікке аян. Киын-қыстау кезеңді бастан кешіріп, тағдырдың жазуымен жер аударылған түрлі ұлт өкілдерін қазақ халқы шеттетпей, бауырына баса білді. Бір үзім нанын бөлісіп, төрінен орын берді. Бұл қазақ жұртының бауырмалдығы, дархандығы мен жомарттығының бір көрінісі. Сондықтан да елімізге қоныс тепкен көп ұлыстың кешегі және бүгінгі буыны қазақ еліне шексіз риза.

Қазір елімізді 140-тан астам ұлт пен ұлыс мекен ететіні мәлім. Соның ішінде Алматы



ЖЕТІСҮ – ДОСТЫҚ ӨЛКЕСІ

облысында 105 этнос өзара ынтымағы жарасып, тату-тәтті өмір сүруде.

Елімізді мекен еткен ұлт пен ұлыстарға өз мәдениетін дамытып, салт-дәстүрін сақтауға лайықты жағдай жасалып отыр. Әр этностың этномәдени орталықтары өңірлерде тұрақты түрде жұмыс істеп келеді.

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын түсіндіру мақсатында облыстық ассамблея жанындағы этномәдени бірлестіктерден құрылған 71 ақпараттық-насихаттық топ белгіленген жоспарға сәйкес, түрлі іс шаралар ұйымдастырылып келеді. Соның бір парасы Талдықорған қаласынан айқын көрініс табуда.

Бүгінгі таңда «Достық үйінде» облыстық және қалалық 23 этномәдени бірлестігі бірігіп, жұмыла қызмет атқарады. Ол жерде этномәдени бірлестіктерге арнайы кеңес беріліп, техникалық жабдықтармен толық қамтылған.

Алматы облыстық ҚХА-ның 2025 жылға дейінгі даму жұмырымдамасы жергілікті мәселелерді ескере отырып әзірленді. Құжатта мемлекеттік этносаясаттың аймақтық деңгейдегі қалыптасуы мен оны жүзеге асырудың негізгі бағыттары анықталған. Тек бұл ғана емес, өңірде жыл сайын 600 мыңнан астам адамды қамтитын 300-ге жуық шара өтеді. «Достық үйі — қоғамдық келісім орталығы» КММ директоры Тәңірберген Қасымбекбаевтың айтуынша, өткен жылы әртүрлі форматтағы республикалық, облыстық және аудандық деңгейдегі жалпы саны 300-ге жуық іс-шара ұйымдастырылған. Жүзеге асырылған жобалар этносаралық татулықты, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған. «Қазақстан Республикасы

Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында және «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында айтылған тапсырмалардың Қазақстан Халқы ассамблеясының жұмысына тікелей қатысы бар. Себебі олардың барлығы да азаматтық қағидат тұрғысындағы қазақстандық бірегейлікті, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған. Былтырғы жылы өткізілген шаралардың қатарында 37 кездесу, 31 форум, 27 дөңгелек үстел, тағы сол сынды түрлі фестивальдер мен конференциялар, семинарлар мен қайырымдылық концерттері бар. Сонымен бірге, жыл соңында Талдықорған қаласында «Рухани жаңғыру» орталығының ашылуы

атқарылған жұмыстардың елеулісі екенін айта кету керек. Аталмыш орталықтың басты

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ
Анна МЕРЗЛЯКОВА,
орыс диаспорасының өкілі:

Қазақстандағы ұлттар достығын көзбен көріп, жүрекпен сезіп жүргендердің бірі менмін. Көңілі даладай дархан қазақ халқы барлық ұлт өкілдерін өзінің жақынындай көреді. Бір үйдің баласындай бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп келеміз. Елбасы «Біз ұлтына және діни наным-сенімдеріне қарамастан, әрбір қазақстандыққа салт-дәстүр, мәдениет пен дінді таңдауға ерік беретін әр еркін қоғамның негіздерін нығайтуға тиіспіз» деген болатын. Мемлекет басшысының осы бір сөзін басшылыққа ала отырып, Қазақстанда тұратын 130-дан астам ұлт өкілдері мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне, ұлттар бірлігін сақтауға бір кісідей үлес қосуда. «Олардың арасында мен де бармын» деп нық сеніммен айта аламын. Себебі өз ана тіліммен қатар, мемлекеттік тіл — қазақ тілін білемін, құрметтеймін.



мақсаты — «Рухани жаңғыру» бағдарламасының барлық бағыттарына жобалар құру және жүйілеу»,

— дейді ол.

Талдықорған қаласының аумағында әр этностың мейрамын мерекелеу жылдағы дәстүрден жанымай өтіп келеді. Аталған іс-шаралар барысында этномәдени орталықтардың колөнер бұйымдарынан жәрменке ұйымдастырылып, концерттік бағдарлама ұсынылады. Шаһардағы

халқының ұлттық мейрамы «Овальтано» мен қытай халқының жаңа жылы ауқымды түрде тойланып келеді.

2005 жылы Алматы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының қатары тағы бір этномәдени бірлестікпен толықты. Аталған бірлестік өңірдегі славян этносының өкілдерін рухани, мәдени, ағартушылық тұрғыдан дамыту мен шығармашылық мүмкіндіктерін ашу мақсатында

колданисқа енгізілген ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңын орындау аясында ашылған. Сонымен азаматтық және өмірлік позициясы белсенді жас буын өкілдерінің басын біріктірген «Алматы облыстық славян қозғалысы» ресми түрде тіркелген. Оның төрайымы — Наталья Белик. Бұл орталықтың атқаратын міндет ауқымы кең. Ол — жастар арасындағы орыс тілі мен мәдениетін дамыту және сақтау, этносаралық қарым-қатынасты жақсарту. Қозғалыс белсенділері мақсатты түрде балалар мен жасөспірімдер демалысын ұйымдастырып, облыста әр түрлі бағыттағы кәсіби және әуесқой шығармашылық ұжымдар құрады. Сондай-ақ мақсұнемдік, нашакорлыққа, жастар арасындағы жағымсыз әрекеттермен күреске баса көңіл бөледі.

Жетісу жерінде өткізілген республикалық «Жастар мен бизнес» ғылыми-тәжірибелік конференциясы мен ҚХА облыстағы «Қазақстан болашағы жастар көзқарасында» шарасы ұдайы ұйымдастырылып тұрады. Сондай-ақ, ұрпақ сабақтастығы мәселесін көтеретін «Ұрпақтар жалғастығы» акциясы, «Шекарасыз балалық шак» суреттер мен фотосуреттер көрмесі тәрізді бастамалар аймақ жастарының зор мүмкіндігі мен дербестігінен хабар береді. Жастар орталығы облыста ҚХА басшылығымен бірге дөңгелек үстелдер ұйымдастырып, аймақтағы жастар саясатының өзекті мәселелерін талқылады.

Өңірде халықаралық «Пушкин жазы» балалар фестивалінің бірнеше рет өткізілуі — славян қозғалысының мақтанышы.

Орталық Азияның бес елінен мыңнан астам жасөспірім қатысқан фестивальдің мақсаты — балалар мен жастар үшін этномәдени кеңістікті сақтау, өскелең ұрпаққа халықтар достығы мен

патриоттық тұрғыда тәрбие беру. Бұған қоса, халықтық шығармашылыққа, славяндардың мәдени мұрасына баули отырып, өскелең ұрпақтың шығармашылық дарынын дамытуды көздейді.

Бүгінге дейін маңызын жоймаған А.Пушкин шығармалары арқылы орыс тілінің байлығын паш ететін фестивальдердің тәрбиелік маңызы зор. Мұндай шаралар славян

мәдениетін қаз-қалпында сақтап, жастарға салауатты тәрбие беру міндеттерін шешуге арналған.

1992 жылы құрылған «Алматы облыстық орыс орталығы» қоғамдық бірлестігіне алғашында Анатолий Степанищев төрағалық жасады. Кейіннен орталықты Иван Евлахов, Владимир Абрамкин мен Анатолий Чесноков сынды тұлғалар басқарды. 2013 жылдың шілдесінен бері этномәдени бірлестіктің төрағасы — Александр Бузыкин.



Құрамына аймақтың беделді де құрметті азаматтары кірген облыстық орыс орталығы он шақты аудандық және қалалық славян орталықтарын да біріктіреді. Орталық құрамындағы славян этномәдени бірлестіктер жергілікті этнос белсенділерін қоғамдық негіздегі қызметке тартып, ұйтқы болып отыр.



Сондықтан белсенді жастар қоғамдық іске шынайы жанашырлығының арқасында облыс көлеміне кеңінен танылуда.

Атап айтқанда, Текелі монокаласындағы орталық төрағасы К.Нестеров театр өнерін дамытуға және жергілікті халықты славян мәдениетімен таныстыру ауқымын кеңейтуге үлес қосуда. Қапшағай қаласында З.Волкова көксу ауданында балалардың «Харуат» шығармашылық орталығын ашқан белгілі меценат, ҚХА мүшесі А.Бузыкин «Көксу ауданының Құрметті азаматы» атағын алған.

Еңбекшіқазақ ауданында И.Таркова, Алакөлде К.Власенко, Талғарда Ж.Третьяк, Панфиловта В.Борисова, ал Іле ауданында Л.Гасанова, Қараталда Г.Спиридонова сынды белсенді жастар төрағалық атқарады. Олардың бәрі өз тәнірегінде жасы пікір қалыптастырып, Қазақстан халқының этносаралық және конфессияаралық келісімі

мен бірлігін сақтауда маңызды жұмыстар жүргізуде.

Этномәдени бірлестіктердің қызметі әрқайсысының жеке үйлестірушісі бар секторларға бөлінген. Бұл бірлестіктің барлық ресурсын барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Облыстық орыс орталығының базасында Н.Муртазинаның басшылығымен «Капитошка» қуыршақ театры құрылған. Сонымен қатар жастар кеңесінің орталығында «Жас фотосуретші мектебі» ұйымдастырылған. Аталған мектептің ұйтық болуымен «Достық үйінде» «Жетісу» және «Менің қалам» атты фотосурет көрмелері ұйымдастырылып, бұл өнердің қыр-сырын үйренгісі келетіндерге кәсіби мамандар да белгіленген.

Сондай-ақ орталық «Мемлекеттік тіл» инновациялық бағдарламасы бойынша мемлекеттік тілді үйренгісі келетін тұрғындар үшін арнайы курстар белгілеп, бүгінге дейін өңірде 300-ге жуық адам осындай дәрістен сертификат алған. Бірлестік балалардың жазғы лагерьдегі демалысын, әдебиетші-мұғалімдердің Ресейде біліктілігін көтеру курстарын да ұйымдастырып тұрады.

Ал «Белорус мәдениет орталығы» өңірлік қоғамдық бірлестігінің Алматы облысы бойынша бөлімшесі 2009 жылы құрылды. Орталықтың төрағасы — Жанна Третьяк.

Бірлестіктің алға қойған мақсат-міндеттері әр қилы. Соның бірі — Қазақстан мен Беларусь арасындағы ынтымақтастықты нығайту, экономика мен білім, мәдениет саласы бойынша қарым-қатынасты күшейту.

Бірлестік Қазақстан халқының береке-бірлігін, этносаралық татулығы мен достығын нығайтуға барынша үлес қосып, белорус этносының мәдениетін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын сақтауға белсене атсалысуда.

Орталық құрамында жастар тобы да жұмыс атқарады. Бүгінгі күні белорус орталығы ҚХА шығармашылық топтарының «Славян базары» халықаралық фестиваліне қатысуына мүмкіндік беретін жаңа жобаларды қолға алуда. Сонымен бірге бірлестік жыл сайынғы дәстүрлі мерекелерді өткізуді де күн тәртібінен қалдырған емес. Мәселен, Рождество, Масленица және Сябринна (*өзара жардем дәстүрі*) мейрамдарымен қатар, қайырымдылық көрсетуде де біршама істерге ұйтқы болуда.

2009 жылы облыстық ҚХА қатары жаңа этномәдени бірлестікпен толықты. Ол — Дарья Кравченко басқаратын «Алматы облыстық болгар мәдени орталығы».

Орталық болгар этносының тілі мен мәдениетін дамытуды, этносаралық келісімді сақтау мен жастарды толеранттылық рухында тәрбиелеуді негізгі міндеті санайды.

Мәдени орталық жыл сайын «Родное слово» болгар тілі мен мәдениеті күндерін, этникалық мұраға қатысы бар басқа да шаралар өткізіп тұрады. Этнотбірлестік мүшелері жыл сайын дәстүрлерден басқа халық тарихымен таныстыруға бағытталған сан алуан іс-шаралар ұйымдастырады. Мәселен, 2015 жылы болгарлық қайта өрлеу қайраткерлерін еске түсіруге арналған «Халықты оятушылар күні» өткізілді. Орталықтың жастар канаты «Ванганың көзқарасындағы әлем» атты шараны өткізіп, онда белгілі болгар көріпкелі Вангелияның өмірі мен тағдыры туралы баяндады. Тұрмысы төмен отбасыларды орталық басқармасының мүшелері өз қамқорлығына алыпты. Қайырымдылық жұмыстарына атсалысу да бірлестік атқаратын игі бастамалардың қатарында.

Орталық жүзеге асырған әлеуметтік маңызы бар жобалардың бірі — «Мүгедектер біздің арамьызда». Онда бірлестіктің белсенді мүшелері мүгедектерге қамқорлық жасап, олардың емделуіне көмек бере алатын демеушілер тауып береді. Бұған қоса, жоғары



Лина АЙДЫН,
Алматы облысы

Тағдыр

Біз сөз еткелі отырған Жәмила Бекметева – Жақып Ақбаевтан бастап, Райымжан Мәрсеков, Әміре Айтбақин, Шәріп Өтепов, Анатолий Ивановтың да балдызы. Кезінде сонау Құнанбай Әскенбайұлымен үзеңгі қағысқан әйгілі қарқаралылық көпес Халиолла Бекметевтің шөбересі. Алматы қаласында тұрады. 1975 жылы Қазақтың мемлекеттік педагогикалық институтын бітірген. Мамандығы – кітапханашы-библиограф.

Ә дегеннен Жақыпқа жармасатын себебіміз де жоқ емес. Білікті ғалым, көрнекті мемлекет қайраткері Мұхтар Құл-Мұхамедтің бір дерегінен үзінді келтірейік: «Университетті алтын медальмен тәмәмдап, қазақ халқынан тұңғыш «право магистрі» деген ғылыми атаққа ие болған Жақып Ақбаев 1903 жылы туған еліне оралады. «Елге оралған соң әкеме ата-анасы, жора-жолдастары «үйлен» деп, оқыған, мәдениетті, сымбатты жігітке өзіне лайық жар таңдаады. Таңдау сол кезде Қарқаралыдағы ауқатты татар байларының бірі Халиолла Бекметевтің бойжетіп отырған сұлу қызы Гүлбахорға түседі. Әкесі арқылы Халиолла байға кісі жіберіп, сұрау салады. Болашақ қайын атасы қызы көнсе, өзінің қазақ байымен құла болуға қарсы еместігін білдіреді. Мұны естіген Жақыпты бұрын көрмеген қаланың ерке сұлуы «қазаққа бармаймын» деп қиғылық салыпты. Осы кезде үйге Халиолла байдың рұқсатымен үстіне су жана фрак киіп, алтын пененесін жарқылатып Жақып келеді. Көріп, көңілі әбден орнықан анамыз әуелгі райынан қайтып, келісімін береді», — деп жазады өз естелігінде Жақанның үлкен қызы Аргуния апай әкесінің үйленуі туралы». (Құл-Мұхамед М. *Алаш ардагері. Жақбаевтың саяси-құқылық көзқарастары. — Алматы: Жеті жарғы, 1996. — 13-14 б.б.*).

Татардың матур қыздарының, расында, қаймана қазақты місе тұта қоймауын түсінуге де болар. Өзі айдай сұлу, өзі оқыған... Өзі үлде мен бүлдеге оранған байдың қызы болса...

Осының көрінісіндей, Халиолла көпес үйіндегі бойжеткендердің біразы орыстың талантты ұлдарын қалағанын байқаймыз. Мәселен, біздің кейіпкеріміздің атасы Мұхтармен бірге туған Мәжиттің қызы Гүлғасыл көпке белгілі «Тени исчезают в полдень», «Вечный зов» романдарының авторы Анатолий Ивановтың етегінен ұстапты. Екеуі кезінде Қазақ мемлекеттік университетінде қатар оқыған екен. Болашақ жазушы журналистика факультетін түгессе, Гүлкең филолог мамандығын игеріп шыққан. Алайда туған-туыс аялап өсірген қыздарының

үйге келсеңіздерші деп есім шығып, мекен-жайымызды айтып жатырмын. Сағынысып қалыппыз, о кісілер де қуанып, мәре-сәре болдык. Өкініштісі, Анатолий Степанович екеуінің бір ұл, бір қызы бар-ды, бұ кезде екеуі де о дүниелік болып кеткен. Қызы Ирина Ресей Ішкі істер министрлігінде подполковник еді, қайта құру кезеңінде көлік апатынан көз жұмды.

Ұлдары Сергей де Федералды қауіпсіздік қызметінің полковнигі-тін, ол да кенеттен қайтыс болды. Президент Путин көңіл айтыпты. Екі бірдей перзентінен айырылған апай балалары еске түскенде қатты қайғырып, күйзеліп отырды. Менің бір ренжігенім — әпкеміз аты-жөнін орысша Галина Леонтьевна деп өзгертіпті. «Мұныыз қалай, сіздің әкеңіз Мәжит ақсақал емес пе еді?!» деп сонша наразылық таныттым. «Ешбір қапаланба, бұл менің әдеби псевдонимім ғана ғой!» деп жұбатты. Өзінің 2009 жылғы сексен жасқа келетінін, сол мерейтойға осындағы туыстарды Мәскеуге өзін бастап келесін деп көңіл сергітуге тырысты. «Әйткенмен, оған дейін бөріміз Қарқаралыдағы Халиолла атамның Көк үйінде бас қосуымыз қажет» делі. Екі жылдан кейін күйеуінің де туғанына сексен жыл толатынын айтты. Бірақ сөз арасында: «Білесің бе, Анатолий Ивановичты қазақ жазушылары аса ұната қоймайды» деп қалды...

Айтса айтқанындай-ақ, бұл жағдаят бізді де арагдік елгезітіп қоятын еді. Жерлес жазушының дарынына, қарымына ешкім шөк келтіре алмайды. Дегенмен, мысалы, кезінде сонау «Вечный зов» шығармасы бойынша түсірілген телеэпопея, кинороманда неліктен бір қазақ кездеспейді екен деп анттарылатынбыз. Анықтамалығында «1906-1960» жылдар аралығында алыстағы Сібір селоларының бірінде өткен өмір көріністері» деп түсіндірілсе де, көкейде «мұнда,

Балқаш аймағында кен көздерін ашып, кәсіпкерлікпен айналысады. Сөйтіп жиған-терген байлығының белгілі бөлігін осындағы ел игілігіне жұмсап отыруға ден қояды.

Халиолла Бекметевті осындай қайырымдылығы үшін орыс императорлары III Александр 1888 жылы



Дінмұхамед Қонаев пен Жәмила Бекметева

ЖӘМИЛА НЕГЕ РЕНЖІДІ? НЕМЕСЕ АТАҚТЫ БЕКМЕТ ӘУЛЕТІ ТУРАЛЫ ҮЗІК СЫР

негізінен, бізбен ежелден қосылас өңірде, қазақ жерінде болған өмір қамтылмай ма» деген күмән тұратын.

Біздің ағайындардың көңіліне көбірек кірбін ұялатқан дүние Анатолий Степановичтің «Ермак» хикаяты ма деп топшылаймыз. «Ермак есімі ел жалынан өшпейді» деп аяқталатын повеспен біз де таныспыз. Жазушы Ертіс жағасында ажал тапқан бас қаһарманының жауларын, неге екенін, «татарлар» деп атайды. Бұл туынды бойынша да кинофильм түсірілгенін білеміз. Гүлғасыл Мәжитқызы да орайы келгенде жолдасынан: «Сен, осы, неліктен менің жерлестерімді жек көресің?» деп сұрап та қалған секілді. Сонда күйеуі: «Неге олай дейсің? Мен егер мұсылмандарды ұнатпаған болсам, татар қызына үйленер ме едім?!» деп жауап қайтарған көрінеді.

Бірақ кім білсін. Осынау сұрақ Жәмила Кәмілқызын да недәуір толғандатын секілді.

БЕКМЕТ БАЛАЛАРЫНЫҢ КЕЛУІ

«Бұлар, өзі, Қазақ еліне қашан, қандай жағдайда тап болған, тамырын қалай жайған» деген сауал туындауы заңды.

Кейіпкеріміздің айтуынша, Бекмет ұрпақтары мұнда сонау XIX ғасырдың басында Қазан қаласынан келіп, ірге тепкен секілді. «Біздің әкелерімізбен қатар Дінмұхамед Қонаевтың зайыбы Зухра Шәріпқызының арғы аталары да қоныс аударған сияқты. Сөйтіп, саудаларын бірге жүргізген», — дейді Жөмекең.

Иә, кейін олар Қызылжарға бекісе, ағайынды Хамит және Жағфар Бекметевтер Қарқаралыға сінеді. Бұлар саудамен қатар осы өңірде біртіндеп мешіт, медресе, мектеп салып, Қазаннан діни сауатты кісілерді, білікті мұғалімдерді алдыра бастайды. (Бұл жөнінде *Орталық мемлекеттік мұрағатынан 1878 жылы сәуірдің 15-інде Семей облысы Әскери губернаторы қол қойған құжат табылған. 15-қор, 2-тізбе, 25-іс*).

Бекмет балалары орналасқан өңірлерінде ағарту саласы мен дін мәселесіне қатты көңіл бөліп, мешіт, медресе салуға зор үлес қосқан адамдар екен. Сонымен қатар Хамиттың ұлдары ағалы-інілі Халиолла мен Хамидолла

күміс медальмен, ал II Николай 1904 жылы алтын медальмен марапаттапты.

Сөз орайында айта кетейік, Халиолланың әкесі Хамит төрт әйел алған адам екен. Олардың екеуі — Сақыпжамал мен Әтине жергілікті қазақ қыздары. Халиолла Сақыпжамалдан туған. Бұл да өз кезегінде төрт рет үйленіпті. Олардың алғашқы үшеуінен бала болмаған соң төртінші әйелді қазақтан, оның ішінде тобықты руынан шыққан Шоңбайдың қызы Ғайниды алады. Яғни қайынатасы Құнанбайға өте жақын.

— Кейін жақсы көрген ағайын «Әйнеке» деп атап кеткен Ғайни әжеміз дүниеге төрт ұл, бір қыз әкелген екен. Олар — Махмұт, Мұхтар, Мұғин, Мұхсен және Гүлнахар. Керемет болғанда, Ғайнекеннің аяғы құтты болып, көпке дейін бала көтермей келген Биби-Фатима шешеміз де дүниеге үш сәби әкеліпті: Гүлбахор, Мәжит, Мәсғұт, — дейді Жәмила. — Заңгер Жақып Ақбаевтың әйелі осы Гүлбахор апамыз...

Құнанбай Қарқаралыға келгенде Ғайниды жақын тартып, ылғи Халиолланың жайына түсетін көрінеді. Көпес те ол келерде тай сойып, қажыны өзінің «Көк үй» атанған берекелі шанырағында қол қусырып күтіп алуды әдет қылыпты.

Күнекен аға-сұлтан болып тұрғанда баласы Абайды ертіп мұнда жиі келеді. Кейін есейген кезінде Абайдың өзі де Қарқаралыға

қаракесек Кенжеғара дегеннің қызы Дәдиланы алады.

Бір ғажабы, кейінірек, нақтырағы, 1885 жылдың 19 қазаны күні Томск тау-кен басқармасы осы Дәдилаға «Балқаш болысындағы Үлкенқонырат шатқалынан кен орындарын іздеу» туралы рұқсат куәлігін тапсырады. Демек кейін әлемге әйгілентен Қонырат кенішінің алғашқы иесі осы Дәдила Кенжеғарақызы деуге негіз мол.

Бертіңде осы кен орнында Дінмұхамед Қонаевтың да еңбек еткені еске түседі. Жәмила Кәмілқызы:

— Ең өкініштісі, осынау жәйттерден көпшілік елді былай қойғанда, қазіргі қоныраттықтардың өзі мүлдем хабарсыз, — деп қынжылады.

ГҮЛШАТ

Ағайынды Халиолла, Хамидолланың сол кезеңдерде өзге де қорғасын, алтын кен орындарын ашып байығаны, біртіндеп ірге кеңейтіп, көршілес Ресей мен Қытай елдерімен сауда жасағаны туралы деректер баршылық.

Бүгінгі Балқаш қаласының түбіндегі «Гүлшат» кеніші жайында да түрлі аңыз айтылады. Соның ішінде Хамидолла байдың жаңалан табылған кенішке өзінің 1884 жылы туған қызы Гүлшаттың атын қоюы жөніндегі әңгіме көкейге қонатындай.

Хамекен әуелгіде өндіріс ошағын әлдебір ағылшын алпауытымен бірлесе бастаған екен. Бұл екі аралықта оның орнын патшалық Ресейдің төрелері тартып алады. Әйтеуір, тізгін кеніштің негізгі қожайыны ретінде Хамидолланың қолынан шықпаса керек. Тіпті тарихшы Ермұхан Бекмахановтың «Төңкеріске дейінгі Қазақстанның өнеркәсібі мен түсті металлургиясы» деген кітабындағы (1964 ж.) деректер бойынша, осынау қорғасын кен көмбесінің иесі деп әлгі Гүлшат Бекметеваның тіркелгенін аңдаймыз.

Кейін ол қыз есейіп, Қарқаралы қаласында медресе бітіреді. Өзі өте алғыр, хат-шотқа жүйрік жан екен. Өсе келе өндіріс орны есеп-қисабын мықтап өз қолына алған сияқты. «Тарғыл» деп аталатын сол тау бөктерінде орналасқан карьер жұмысына жалданған жұмысшылар күні-түні тырбанып, еңбектеніп жатады дейді. Өндірістің ауқымдылығы соншалықты, аз ғана уақыт аралығында кеніш айналасында кішігірім поселке пайда болады.

Бір күні қасына екі қорғаушысын ерткен бухгалтер Гүлшат пәуеске арбасымен Қарқаралыға аттаныпты. Басты шаруасы — әдеттегіше сондағы банкі үйінен жұмысшылардың

жалақысы мен өзге де шаруашылыққа қажетті қаржы-қаражатты алып қайту. Мұны күні бұрын біліп, оңтайлы сәтті күткен жырынды қарақшылар Балқаштың солтүстік-қиыр тұсындағы Бектау ата тауларының түбінде жол тосады.

Есептеуімізше, Қарқаралымен бұл аралық аса жақын да жер емес. Төтесінен тартқанның өзінде, үш жүз шақырымға таяу.

Ессапардан қайтқан жолаушылар да көз байлана бөктерге жетіп жығылып, қос тігуге кіріседі. Сол кезде бір топ аттылы ұры күзетшілерге мылтық атқызып үлгертпей, бас салады. Серіктерін қапыда тұтқындап, аяқ-қолдарын матап жатқан сәтте есепші қыз ақша салған қоржынын алып, тау арасына қашады. Сонынан қуған жігіт дереу шауып жетіп, қас шекесінен ұзын сойылмен бір ұрғанда жас қыз мұрттай түседі. Мезетте қанға боялып, тіл тартпай кеткен секілді. Қарақшы қайта оралғанда, серіктері шатырдағыларды байлап болыпты. Көздеген мұратына жеткен ұрылар ат пен арбаға да тимей, түн қараңғысына сіңіп, жоқ болады.

Кейбір деректерге қарағанда, қаршадайынан кәсіпкерлікпен айналысып, өз атындағы зауыт ісін шыр айналдырған жасөспірім қыз қандықол қарақшылар қолынан мерт болған кезде небәрі он бес жаста көрінеді.

Кейін қорғасын мен мырыш, күкіртке қоса алтын, күміс, мыс, кадмий, өзге де металға бай кеніш орны қолдан-қолға өтеді. Тіпті бір аралықта қойнауы құтты өндіріс орнына тағы да орыс пен ағылшын дөкейлері иелік жасағандай. Бертіңіректе, нақтырағы, 1920 жылы Балқаш іргесіндегі кен орнын Совет үкіметі қолға алып, геологиялық-барлау жұмыстарын бастайды. Дегенмен, кеніш тағы да әрі-сәрі күймен 1951 жылға дейін мардымды өнім бере қоймапты. Тек осы кезеңнен кейін СССР Түсті металлургия министрлігінің «Қорғасын Барлау» тресі «Гүлшат» рудинің ресми түрде ашып, келешек жұмысшы поселкесінің қазығын қағады. (Елді мекен қазірге дейін Қазақстан картасында да осы есіммен аталады).

Бұдан кейін бірталай кезең аралығында өндіріс қайта жанданып, кен-байыту фабрикасы іске қосылып, алынған



Халиолла Бекметев өкіл баласы Хакімжанмен бірге

қорғасын жентегі кең-байтақ елдің түкпір-түкпіріндегі зауыттарға жөнелтіле бастайды. Сөйтіп «Гүлшат» кеніші белгілі дәуірде ел экономикасына зор үлес қосқан.

Бірақ, өкінішке қарай, белгілі себептермен, өндіріс ошағының базары тағы тарқайды. Әйтеуір, кәсіпорын жабылса да, тұрғындар жаппай үдере көше жөнелген жоқ. Аталған жер кейінде совхозға айналғанын білетін едік. Ауыл көкөніс, дәнді-дақыл өсірумен, сондай-ақ мал шаруашылығымен айналысты.

Біз де сол аймақтың тумасы ретінде өз атамекенімізге дәл сол кеніштің үстімен өткен сайын жел өтінде жүдеу-жадаулау, қонырқай ғана қүй кешіп, құлазыңқырап жататынын «Гүлшатты» көріп, ойға бататынбыз.

Бертіңіректе жергілікті өлкетанушы Ерлан Мұстафинның сонау Гүлшат Бекметеваның зиратын іздеп тапқанын білдік. Әкесі Хамидолла жастай ажал құшқан қызының құлпытасына «Қайтейін, қалияда ерте үзілген гүлім едің» деген мағынада бір ауыз мұң-зарын қашап жазғызыпты.

Жәмила Бекметева бүгінде тұрғылықты адамдардың өзі кезінде аты дүрілдеп тұрып, кейін күні озған елді мекеннің әпкесі Гүлшат атымен аталатын, сол кеніштің Хамидолла атасы мен осы өңірдегі Қонырат кенішінің бірінші иесі Дәдила апамыздың да тарихына қатысты екенін біле бермейді деп опынады.

— Өткенде Алматыдағы үлкен көрмеге сол аймақтан келген кейбір мамандарға Гүлшат есімі туралы сұрақ қойғанмызды, олардың бұл жәйттен мүлде хабарсыз екені қайран қалдырды, — дейді кейіпкеріміз.

Құлтөлеу МҰҚАШ

(Жалғасы бар)



Атақты жазушы Анатолий Ивановтың зайыбы Гүлғасыл Бекметева сіңілері Зухра мен Жәмиляның арасында